
**ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы**

# № 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Өткізілген уақыты:** 25 қараша 2025 жыл
**Түрі:** дәстүрлі
**Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»



2025-2026 оқу жылы

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №2**

**Өткізілген уақыты:** 25 қараша 2025 жыл
**Түрі:** дәстүрлі
**Тақырыбы:** «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»
**Мақсаты:** МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру».
**Барлық педагогтар саны: 5**
**Қатысқан педагогтар саны: 5**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. «Жобалау қызметінің» I кезеңін талқылау.
3. Тақырыптық бақылау нәтижелері:
   - тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау;
   - заттық-дамытушылық ортаны бағалау;
   - баланың дамуындағы инновациялық технологияларды енгізудің тиімділігі.
4. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері»
5. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау.

**КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану»
**КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА**: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

**1.ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

– Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

**ШЕШІМ:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп танылсын.

**2.ТЫҢДАЛДЫ:**

Екінші мәселе бойынша «Жобалау қызметінің» I кезеңіндегі тақырыптар мен бөліністер талқыланды.

Педагогтер жоба тақырыптары бойынша бірінші кезеңде жасаған жұмыстары бойынша ақпарат берді. Бірінші кезең ақпарат жинау кезеңі болғандықтан педагогтер жоба тақырыптары бойынша қандай ақпарат жинағандарын жоспар бойынша дәлелдеп көрсетті. Алдағы уақыттағы практикалық кезеңде жинаған ақпараттарын қолдана отырып, іс әрекетке енгізетіндерін айтты.

**ШЕШІМ:**

1.Педагогтердің жоба қызметінің бірінші кезеңі аяқталды деп есептелінсін.

**3.ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша тақырыптық бақылаудың қорытындысын айтылды:

- тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау;
- заттық-дамытушылық ортаны бағалау;
- баланың дамуындағы инновациялық технологияларды енгізудің тиімділігі.

**Педагог қызметінде өз кәсіби құзыреттілігін жетілдіре отырып төмендегідей алғышарттардың негізінде бағаланады:**

- сырт кескін-келбеті;
- іс әрекетті тың ақпараттармен қамтамасыз ету;
- мінез-құлқы, пайымдау мүмкіндіктері, оқу процесінде қарым-қатынас мәдениетін сақтай білуі, әзіл-қалжыңға мән бере білуі;
- білім алушылардың жеткен жетістіктерін мақұлдай, қолдай білуі, шыдамдылық және төзімділік;
- басқалардың пікірін сыйлай білу, еркіндік, икемділік, кез-келген жағдаятты оңтайлы бағытта шешуге арналған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алу;
- білім алушылардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.

Қазіргі қоғамға сай жеке тұлғаны қалыптастыру үшін педагог кәсіби құзыреттілігі де жетілген болуы керек. Қоғамда әрбір педагог - өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасын мен пікірін сыйлау, қоғамда болып жатқан өзгерістерден хабардар, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін болуы шарт. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаларға үйретететін нәрселелерін өзі жақсы білуі керек»,- деген. Демек, бұдан: «Шығармашыл ұстаз - шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой түйіндеуге болады.

Балабақшадағы заттық дамытушы орта – баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін, қауіпсіз, әрі балалардың жасына сай қызығушылығын тудыратын, ойыншықтар, жабдықтар мен құралдарды қамтитын, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық әрекеттерді ынталандыратын, үнемі жаңартылып отыруымен бағаланды. Сонымен қатар, бағалауда жабдықтардың гигиеналық талаптарға сай болуы, экологиялық тазалығы, беріктігі және білім беру бағдарламаларына сәйкестігі қарастырылды.

**Бағалау критерийлері:**

- **Қамтылған білім беру дағдылар:** Физикалық қасиеттерді дамыту Коммуникативтік дағдыларды дамыту Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Әлеуметтік дағдыларды дамыту аймақтарының дамытушы элементтері бар ма?.
- **Материалдар мен жабдықтар:**
  - **Қауіпсіздік:** Гигиеналық талаптарға сай, улы емес, сынбайтын материалдардан жасалған ба?.
  - **Экологиялылық:** Табиғи және таза материалдар қолданылған ба?.
  - **Беріктік:** Ұзақ мерзімді пайдалануға жарамды ма?.
  - **Әр алуандылық:** Жаңа буын ойыншықтары, пәндік-кеңістік модельдер, зертханалық орталар бар ма?.
- **Ортаның икемділігі (ашық орта):** Орта балалардың өсуіне қарай үнемі өзгеріп, жаңалықтар енгізуге мүмкіндік бере ме?.
- **Мақсатқа сай таңдау:** Жабдықтар баланың танымдық, коммуникативті, шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған ба?.

Заттық ортаны бағалау кезінде оның «басты мақсат» болмай, баланың дамуына қызмет ететін құрал екенін ұмытпау қажет.

**ШЕШІМІ:**

**1.** Осы кезеңге дейінгі тақырыптық бақылаудың қорытындысы шығарылсын.

**4.ТЫҢДАЛДЫ:**

Төртінші мәселе бойынша «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері» - деп аталатын күн тәртіібінің мазмұны ашылды:

"Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 Бұйрыққа қосымшасының «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына» 12-қосымшасында «Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы» көрсетілген. Онда: «Тәжірибені жинақтау және тарату»-деп аталатын 3-бөлімінің 3.1- бөлімшесінде Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар сұралады. Педагог- модератор, педагог -сарапшы санаты үшін: Дидактикалық материалдар (тапсырмалар жинағы, сабақтарды әзірлеу (сабақтар, іс-шаралар) жұмыс дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, әдістемелік құралдар немесе әдістемелік ұсынымдар, ал педагог -зерттеуші үшін Оқу әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағлардамалар сұралады. Ал, педагог- шебер біліктілік санаты үшін Авторлық бағдарламалар сұралады. Педагог- модератр, педагог -сарапшы, педагог- зерттеуші біліктілік

санатына тапсыратын педагогтерден сұралатын құжаттың дәлелдемелердің болуы үшін оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме сұралады. Бұл құжаттар педагог -модератор санатына өтетін педагогтер үшін білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде қаралады, педагог -сарапшы санатына өтетін педагогтер үшін аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады, педагог -зерттеуші санатына өтетін педагогтер үшін ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласын да уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан), ал, педагог- шебер санатына өтетін педагогтер үшін білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘКде қаралуы тиіс.

Балабақшадағы ағымдағы жылы біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтерді тиісті біліктілік санатына тапсыру үшін «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері» ретінде осы талаптарды орындаулары сұралды.

**ШЕШІМІ:**

**1.** Біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтер материалдарын (портфолионы) талапқа сәйкес толықтырсын.

**5.ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібінде қаралатын бесінші Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау мәселесі айтылды. Жол-көлік оқиғалары – көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға. Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен жағдайларын талдау және осы себептер мен жағдайларды жою үшін әр елде, аймақта, қалада жол-көлік оқиғаларының есебі жүргізіледі. Оны елдің Ішкі істер министрлігі мекемелері, автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары, даралық және жеке меншік жолдарының иелері жол-көлік оқиғаларын есепке алу ережелеріне сәйкес жүргізеді. Бұл мәселе тек балалар үшін емес, егде адамдар үшін де маңызды болып табылады. Біз балабақшадағы балаларға осы мәселені алдын алу үшін «Көшеде әркімнің өз жолы бар» деген тәртіпті және соның ережесін үйреткенді дұрыс деп санаймын. Сіздер үшін балаларға және жақын туыстарыңызға жарақаттар алмауға және өмірлерін сақтап қалуға көмектесетін бірнеше ұсыныс беремін:

- Балаларды тек жол жүру Ережесін үйретіп қана қоймай, оларды ең ерте жастарынан бастап бақылауға және бағдарлауға үйрету керек. Жүріс-тұрысты қалыптастырудың негізгі тәсілі – бақылау, үлкендерге, бәрінен бұрын ата-анасына еліктеу екенін ескеру керек.

- Баламен жолдың жүретін бөлігіне шыққан кезде асықпаңыз, жолды бір қалыпты адыммен кесіп өтіңіз. Әйтпесе сіз бақылайтын және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жерде асығуға үйретесіз.

- Баланы жан-жағына қарауға үйретіңіз. Жаяу жолдан жолдың жүретін бөлігіне алғашқы қадамды жасамас бұрын, көшенің екі жақтағы бағытын қарап алуды автоматты түрде әдетке айналдыру қажет. Әсіресе мұны қарама-қарсы жақта өзіңнің үйің, таныстарың тұрғанда немесе бала басқа балалармен көшені кесіп өтерде – нақ осы жағдайларда істеу керек.

**ШЕШІМІ:**

1. Балабақша Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспары бекітілсін.

Басшы: Естемесова Н.

ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы

# № 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

# Жол көлік оқиғасының алдын алу



# ЖОСПАР


- Кіріспе  3
- 1. Жол көлік оқиғаларының алдын алу 4
- 2. Жол-көлік жарақаттанушылығының алдын алу  7
- 3. Жол-көлік апатының алдын алу  10
- Қорытынды  13
- Пайдаланған әдебиеттер  15

# Кіріспе

Жол-көлік оқиғалары – көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға. Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен жағдайларын талдау және осы себептер мен жағдайларды жою үшін әр елде, аймақта, қалада жол-көлік оқиғаларының есебі жүргізіледі. Оны елдің Ішкі істер министрлігі мекемелері, автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары, даралық және жеке меншік жолдарының иелері жол-көлік оқиғаларын есепке алу ережелеріне сәйкес жүргізеді.

# Жол көлік оқиғаларының алдын алу

**Жол-көлік оқиғалары** – көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға.

Жүргізушілердің де, жаяу жүргіншілердің де және басқа да себептердің кесірінен жол

Жол-көлік оқиғаларының мемлекет статистика есептемесіне адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған жол-көлік оқиғалары ғана енгізіледі.Қазақстан Республикасының "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтерді жариялауға рұқсат етіледі және олар мүдделі заңды тұлғалар мен азаматтарға белгіленген тәртіппен беріледі.

# Жол көлік оқиғаларының түрлері келесі

1
- - соғылыс;
- - аударылу;
- - кедергіге соғылу;

2
- - жаяу жүргіншіні соғу;
- - велосипедшіні соғу;
- - тұрақта тұрған көлікті соғу;

3
- - көлік-арба соғу;
- - жануарларды қағып кету;
- - жолаушылардың құлауы; т.б


Көшеде әркімнің өз жолы бар:
Адам - жүргіншілер жолы (ала жолақ), тротуармен.
Машиналар- даңғылмен.
Велосипед - жол жиегі.
Трамвай – рельспен.

# ЖАҢА ЖОЛ ЕРЕЖЕСІ

**Жаңа заңда көлікті жол жиегіне қоюға салынған тыйым алынып тасталды.**






Таксилер 12 жасқа дейінгі балаларға автокресло ұсынуы тиіс. Жаңа туған нәрестені де арнайы кресломен алып кетуі керек.

Азаматтар полицияға төтенше жағдайда жеке көлігін беруге міндетті. Көлікке зақым келсе, бюджеттен шығын өтеледі.





**Велосипед, мопедпен жолаушы тасымалдауға тыйым салынды.**

Жүргізушіге полиция рұқсатынсыз көліктен шығуына болмайды.





Жүргізушілер айыппұлды полицияға емес, банк не ХҚКО бөлімшелерінде төлейді.

**Полиция көліктерді себепсіз тоқтатуға болмайды.**



Айыппұлды жеті күнде төлесе 50 % жеңілдік жасалады.

Полиция көлікті тоқтатқан жағдайда бірден себебін түсіндіруі тиіс.

**Жүргізушілер күннің қай мезгілінде де жарық жағып жүруі тиіс. Ереже орындаламаса, 10000 теңге айыппұл салынады.**

**Көлікті сақтандыру құжаты болса, сенімхат талап етілмейді.**

# Егер Сіздің басыңызға дәл осындай жағдай тап келсе, яғни ЖКО-ға ұшырасаңыз:

1

- 1. Тез арада көлікті тоқтатыңыз (тұрған орныңыздан қозғалмаңыз).
- 2. Апаттық жарық дабылқаққышты қосып, апаттық тоқтау белгісін қойыңыз (жанып-өшіп тұратын қызыл фонарь).

2

- 3. Жәбірленушілерге дәрігер келгенге дейінгі медициналық көмек көрсету шараларының мүмкіндігін қарастырыңыз.
- 4. Жедел-жәрдем шақырыңыз (шұғыл жағдайда жәбірленушіні жолдағы көлікке салып жіберіңіз, егер мүмкіндік болса, өз көлігіңізбен жақын маңдағы емдеу мекемесіне апарыңыз, өз тегіңізді, көлік нөмірін жаздырып, жеке куәлігіңізді көрсетіп, оқиға орнына қайта оралыңыз)

3

- 5. Ішкі істер органына хабарлаңыз (немесе ұялы телефоныңыздан 112 нөміріне хабар беріңіз)
- 6. Оқиғаға куә болғандардың аты-жөндері мен мекен-жайларын жазып алып, ішкі істер органының қызметкерлерінің келуін күтіңіз.

# Жол-көлік жарақаттанушылығының алдын алу

Жарақаттанушылықтардың барлық түрінің ішінде адамдардың денсаулығы мен өміріне аса қауіптісі жол-көлік жарақаттанушылығы. XX ғасырдаң бас кезінде бірен-саран жағдайлар түрінде бой көрсетіп, көшелер мен жолдардағы жол-көлік оқиғалары қысқа тарихи уақыт аралығында (75 жыл) орасан санды адамдардың жарақатануына, мүгедек және қайтыс болуларына негізгі себеп болды, сондықтан адамзаттың ерекше алаңдаушылығын туғызды.



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есеп бойынша Комитетінің 2016 жылғы 5 айдағы адамдардың өлуіне немесе жарақат алуларына әкеп соққан жол-көлік оқиғалары туралы есебінде еліміздің жолдарында 6538 жол-көлік оқиғалары болып, онда 9045 адам зардап шегіп, оның ішінде 731-і қайтыс болғаны көрсетілген. Жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендердің ішінде 1514 адам жараланып, 53 кәмелетке толмағандар қайтыс болды. Статистика көрсеткендей, жолдағы апаттардың себебі өзгермей отыр. Бұрынғыша, жол-көлік оқиғаларының 90 пайызы жол жүру Ережесін дөрекі бұзатын жүргізушілердің кінәларынан болып отыр. Жол апаттарында ең аз зардап шегетіндер жүргізушілердің өздері, ал ең көп зардап шегетіндер – жолаушылар мен жаяу жүргіншілер.

# Сондықтан, біз сіздерге және жақын туыстарыңызға жарақаттар алмауға және өмірлерін сақтап қалуға көмектесетін бірнеше ұсыныс беруді шештік:

Балаларды тек жол жүру Ережесін үйретіп қана қоймай, оларды ең ерте жастарынан бастап бақылауға және бағдарлауға үйрету керек. Жүріс-тұрысты қалыптастырудың негізгі тәсілі – бақылау, үлкендерге, бәрінен бұрын ата-анасына еліктеу екенін ескеру керек.

Баламен жолдың жүретін бөлігіне шыққан кезде асықпаңыз, жолды бір қалыпты адыммен кесіп өтіңіз. Әйтпесе сіз бақылайтын және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жерде асығуға үйретесіз.

Баланы жан-жағына қарауға үйретіңіз. Жаяужолдан жолдың жүретін бөлігіне алғашқы қадамды жасамас бұрын, көшенің екі жақтағы бағытын қарап алуды автоматты түрде әдетке айналдыру қажет. Әсіресе мұны қарама-қарсы жақта өзіңнің үйің, таныстарың тұрғанда немесе бала басқа балалармен көшені кесіп өтерде – нақ осы жағдайларда істеу керек.

# Жол-көлік апатының алдын алу

- Қазақстанда жыл сайын жалпы өлім-жітім себебін алсақ, қан айналымы жүйесі мен онкологиялық ауруларынан кейінгі үшінші орынды иеленіп жол-көлік апаты, көбінесе жас, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың өмірін қиып жатады. Дүниежүзінде жолда 1,24 миллионға жуық адам қаза тауып, ал 20-дан 50 миллионға дейін адам қауіпті жарақат алады. Дүниежүзінде жол-көлік апатының нәтижесінен болатын өлім-жітім оқиғасының 59%-ы 15-44 жас аралығындағы жас адамдар арасында орын алады. Орташа жылдамдықты 5%-ға төмендету өлімге әкелетін апаттың санын толықтай 30%-ға төмендетуге ықпал етеді.

# Қорытынды

- Балалар жол-көлік оқиғаларына әрқалай түседі. Назар аударатын жайт-жан-жағына қарамай, кенеттен көлік жүретін жаққа жүгіріп шыққан жағдайда да үлкендер айыпты болып табылады. Шындап келгенде оларға үйретпеді, ойға салмады, сақтандырмады. Кез-келген жағдайда бұл-қасірет. Осындай жағдайдың орын алмауы үшін, әрбір жүргіншінің, велосипедшінің, ролик тебушінің жолдағы қарапайым ережелері мен мәдениет тәртібін сақтауы. Егер біздер мен сіздер үшін бұл қарапайым түсінік болса, балалар үшін бұл-жол қозғалысы туралы алғашқы әсер және жол-көлік оқиғалары табиғи апаттар мен соғыс сияқты, жақында ғана бақытты және дені сау адам болған адамдардың өмірін бір сәтте алып кететін әрі қауіптің қайнары болып табылатын автокөліктер, яғни басқа өмірге деген сенімсіз қадамы болатыны анық.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ